

**Хаттама №3**  
**«Ақкөл қаласы №1, балалар үйі» КММ-сінің**  
**Қамқоршылық кеңесінің отырысы.**

**14 маусым 2018 жыл.**

**Қатысқындар:** Абулхаирова Гульнар Есеновна, Даутов Айвар Картбаевич, Мохначев Анатолий Владимирович, Дмитриенко Елена Александровна (бейнебайланыста), Каиржанова Алма Кыдырбаевна, Жанабекова Сауле Жанатовна.

**Қатыспағандар:**

Симчук Валерий Николаевич қамқоршылық кеңестің төрағасы облыстық Мәслихат сессиясында, Джумабекова Куралай Габдулгамаровна семинарда, Абаханова Алия Асхарбековна семинарда.

**Күн тәртібі:**

**1.№1 Ақкөл балалар үйінің шотына келіп түскен қайырымдылық көмек қаражатының жұмсалуды туралы ақпарат.**

Абулхаирова Г.Е.  
ҚК төрағасының орынбасары  
Канатова Р.М.

«Ақкөл қаласы №1, балалар үйі» КММ-сінің директоры

**2. Әлеуметтік педагогтың отбасы құрылымына орналастыру бойынша және түлектердің орналасуы туралы жұмысы.**

Кудайбергенова А.О..  
«Ақкөл қаласы №1, балалар үйі» КММ-сінің  
әлеуметтік педагогы

**3. Қоғамдық ұйымдармен жұмыс және "Балаларды қорғау Күні" мерекесін ұйымдастыру және өткізу.**

Досмухамбетова А.В.  
«Ақкөл қаласы №1, балалар үйі» КММ-сінің  
директорының орынбасары

**4.Әр түрлі.**

**Отырыстың барысы:**

Бірінші сұрақ бойынша «Ақкөл қаласы №1, балалар үйі» КММ-сінің директоры Канатова Рауза Махметқызы сөйледі. Ол қатысушыларды Қамқоршылық кеңестің жұмысының маңыздылығымен тағы да таныстырып өтті. Рауза Махметқызының айтуынша, қамқоршылық кеңес балалар үйін дамытуға, ондағы тәрбие алатын балалардың тәрбиесі мен өнерін жетілдіруге септігін тигізеді. Қамқоршылық кеңестері - қоғамның тәрбие, білім саласын басқаруға қатысу формаларының бірі. Қамқоршылық кеңестің мақсаттары - ұйымға қолдау көрсету. Атап айтқанда, оның жарғылық функцияларының іске асырылуына, қаржылық қолдауды қамсыздандыруда, материалдық-техникалық базасының нығаюына септесу, сондай-ақ, оның қызметіне қоғамдық бақылау жүргізу.

Қамқоршылық кеңесі мекеменің әлеуметтік-мәдени, сауықтыру, дамыту бағыттарындағы іс-шараларды ұйымдастыруға көмек көрсетеді,- дей келе директор Ақкөл балалар үйінің бақылау шоты бар екеніне тоқталды.

Жыл басына есеп шоттағы қалған қаражат 379,639,33 тенгені құрады. Кіріс қалдығы – 409,639,33 тенге. 2018 жылы шотқа 160,000 тенге түсті. Шотқа барлық адам қаражат жібере алады. Ақтау қаласынан кәсіпкер балалар үйінің шотына 100 мың тенге ауыстырған, сонымен қатар «Дар» ҚК-мен жұмыс істейтін кәсіпкер әр ай сайын 30 мың тенге көлемінде қаражат ауыстырып тұратынын хабарлаған. Есеп шоттан 130 мың тенге көлемінде «Біздің меценаттар» атты стенд жасау үшін «Ханшаим» агенствосына ауыстырылған. Бұл қаржы көлемі Қамқоршылық кеңеспен келісілген. Рауза Махметқызы шоттан қаражатты алуға болмайтынын, тек қана аудару арқылы жұмыс істеуге болатынын түсіндірді. Директор «Рассвет» БСО-на жаңа туалет қажет екендігін және оны жасау үшін 80 мың теңге көлемінде қаржы керек екендігін айтып, ҚК мүшелерінен осы қаражатты шоттан ауыстыруға рұқсат сұрады.

Қамқоршылық кеңес төрағасының орынбасары Абулхаирова Г.Е. директор Рауза Махметқызының қамқоршылық кеңес мүшелерін шотқа түскен қаржының жұмсалыуымен таныстырғанын, сонымен қатар «Рассвет» БСО-на 80 мың тенге көлемінде қаржы бөлуді ұсынды.

2.Екінші сұрақ бойынша балалар үйінің әлеуметтік педагогы Кудайбергенова Асима Оразовна сөз сөйледі. 3 жыл 6 ай мерзім уақытында әртүрлі жанұяға орналастыру формалары бойынша 74 тәрбиеленушінің жанұяларға орналастырылғанына тоқталды. Патронаттық тәрбиеге -21, қамқоршылыққа – 28, асырап алуға – 2, асыранды жанұяға – 12 бала орналастырылғанына тоқталып өтті. (Баяндама берілген).

Қамқоршылық кеңес төрағасының орынбасары Абулхаирова Г.Е. балалар үйінде тәрбиеленушілерді жанұяға орналастыру, түлектерді орналастыру бойынша ауқымды жұмыстар жүргізілетінін атап өтті.

3.Үшінші сұрақ бойынша директордың тәрбие жөніндегі орынбасары Досмухамбетова Анна Викторовна сөз сөйледі. Ол балалар үйінде 1 маусым балаларды қорғау күніне арналған мерекенің өте көңілді өткеніне тоқталды.

Сонымен қатар Анна Викторовна өз сөзінде, балалар өміріне бей-жай қарамайтын адамдардың қолдауы болмаса балаларды қорғау күні мерекесі осындай әсерлі, жарқын, ұмытылмас әсер қалдыратындай өтпес еді-, деп атап өтті. ҚР БҒМ БҚҚК-і Ресейлік балалардың құқықтарын қорғау қорымен бірлесіп Ақмола облысы бойынша біздің тәрбиеленуші Поляков Денисті Мәскеу қаласына Халықаралық балалар күніне арналған мерекеге қатысуға жолдама берді.

1-маусым біздің тәрбиеленушілеріміз Ақкөл қаласының орталық алаңында өткізілген мерекеге қатысты. 1 маусым мереке күні біздің үйде болған қонақтар:

"Транстелеком" АҚ, №55209 әскери бөлімі, Астана қаласының жинақ банкі, қонақтар біздің тәрбиеленушілерге сыйлықтармен қатар әр түрлі ойын-сауық ұйымдастырды. (Баяндама берілген).

**Жарыссөзде сөйледі:**

**1. Даутов А.К.:** Ия, сөзсіз, бұл балалар үйінде тәрбиеленушілер үшін барлық жағдай жасалған. Мен, өзім, көптеген түлектермен қарым-қатынастамын. Оларға қолымнан келгенше көмек те көрсетемін, олардың алдағы өмірлерін де бақылауға тырысамын.

**2. Мохначев А.В.:** Балалар үйінде тәрбиеленушілерге жанұялық тәрбиеге көп көңіл бөлу керек. Олар балалар үйінен кеткеннен кейін өз жанұяларын құрып, сол жанұя үшін жауапкершілікке үйренсін деп тәрбиелеу керек. Мен де өз тарапымнан балалар үйінен шыққан тәрбиеленушілерге көмектесуге тырысамын. Біраз адам менде жұмыс та істейді. Шамамнан келгенше оларға көмектесуге тырысамын.

**Шешімі:**

1. Демеушілермен жұмысты жалғастыру.

2. Әлеуметтік педагог аудандардағы қорғаншылық мамандарымен бірлесіп, балаларды отбасына орналастыру бойынша жұмысты жалғастырсын.

3. Педагогикалық ұжым балалар үйінің тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес, тәрбиеленушілердің бос уақытын ұйымдастыруға және өткізуге, түлектерді колледждер мен жоғары оқу орындарына орналастыруға көбірек көңіл бөлсін.


4. Балалар үйінің бақылау шотынан "Рассвет" БСО-на дәретхана орнату үшін 80 мың теңге көлемінде қаржы бөлінсін.

**Төрағасы:**



**Г.Абулхайрова**

**Хатшысы:**



**С.Жанабекова**